

**29.08.2024 жылғы №1 педагогикалық  
кеңестің шешімімен бекітілді  
«Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық  
мамандандырылған мектеп-лицей-  
интернаты» директоры  
\_\_\_\_\_ Қ. Ақышева**

**2024-2025 оқу жылына арналған  
кешенді жұмыс жоспары**

## МАЗМҰНЫ

<b>ТҮСІНІК ХАТ</b> 2024-2025 оқу жылында оқу-тәрбие үдерісінде басшылыққа алынатын мөлшерлік-нұсқаулық құжаттар тізімі	
<b>I. МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТТЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ</b> 1.1. 2024-2025 оқу жылындағы мақсаттар мен міндеттер	
<b>II. 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ТАЛДАУ</b> 1.1. 2024-2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие жұмыстарының есебі	
<b>III. БІЛІМ БЕРУ СТАНДАРТТАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ</b> 3.1. ҚР "Білім туралы" Заңын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары 3.2. Оқу жылының басындағы педагогикалық ұйымдастыру іс-шаралары 3.3. Білім беру стандарттарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары	
<b>IV. ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС</b> 4.1. Кадрлармен жұмыс 4.1.1. Біліктілікті арттыру 4.1.2. Педагог қызметкерлерді аттестаттау 4.1.3. Кәсіби шеберлік мектебі 4.1.4. Жас маман мектебі 4.1.5. Педагог қызметінің диагностикасы 4.2. Әдістемелік кабинет жұмысы 4.2.1. Әдістемелік бірлестіктердің жұмысы 4.2.2. Әдістемелік кеңестер	
<b>V. ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫ</b>	

<p>5.1. Тәрбие жұмысының жоспары 5.2. Кітапханашының жұмыс жоспары</p>	
<p><b>VI. ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ</b> 6.1. Психологтардың, кәсіби бағдар беруші педагогтің жұмыс жоспары 6.2. Әлеуметтік педагогтың жұмыс жоспары 6.3. Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмыс жоспары</p>	
<p><b>VII. МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫ НЫҒАЙТУ</b></p>	
<p><b>VIII. БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАСШЫЛЫҚ</b> 8.1. Мектепті басқарудың алқалы ұйымы 8.1.1. Педагогикалық кеңестер 8.1.2. Директор жанындағы кеңес 8.1.3. Қамқоршылық кеңесі қызметінің жоспары 8.2. Мектепшілік бақылау</p>	

## ТҮСІНІК ХАТ

2024-2025 оқу жылында «Е.Әуелбеков атындағы №4 облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты» білім беру процесін ұйымдастыру кезінде ҚР «Білім туралы» Заңын, ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «ҚР Баланың құқықтары туралы», «ҚР мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б., Заңдарды және оқыту процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырады:

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы;

✓ «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. №500 бұйрығы;

✓ «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы;

✓ ҚР мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 Қаулысы;

✓ «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы;

✓ «Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 22.05 2020 ж. №216 бұйрығы;

✓ «Тиісті типтердегі және түрлердегі мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығы;

✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы №596 бұйрығы;

✓ «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 22.01.2016 ж. №70 бұйрығы;

✓ «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 27.01.2016 ж. №83 бұйрығы;

✓ «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 11.11.2021 ж. №559 бұйрығы;

✓ «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 21.02.2012 ж. №57 бұйрығы;

- ✓ «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығы;
- ✓ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 02.04.2020 ж. № 125 бұйрығы;
- ✓ «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. №ҚР ДСМ-76 бұйрығы;
- ✓ «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 4.05.2020 ж. №175 бұйрығы;
- ✓ «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 16.01.2015 ж. №12 бұйрығы;
- ✓ «Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ педагогтің қызметін курстан кейінгі қолдау қағидалары» ҚР БҒМ 28.01.2016 ж. №95 бұйрығы;
- ✓ «Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы;
- ✓ «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.10.2018 ж. №564 бұйрығы;
- ✓ «Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы;
- ✓ «Жеңімпаздары, жүлдегерлері және оларды дайындаған педагогтер бюджет қаражаты есебінен біржолғы сыйақымен көтермеленетін жалпы білім беретін пәндер бойынша халықаралық олимпиада лардың тізбесін бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 20.07.2022 жылғы №333 бұйрығы;
- ✓ «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін және оларды іріктеу өлшемшарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 7.12.2011 жылғы №514 бұйрығы;
- ✓ «Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі басшылықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 23.06.2022 ж. №292 бұйрығы;
- ✓ «ҚР білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы;
- ✓ «Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4 бұйрығы;
- ✓ «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы;
- ✓ «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы;
- ✓ «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» (Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсан дағы № 518-IV Кодексі;

- ✓ «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия туралы үлгі ережені бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2001 жылғы 11 маусымдағы № 789 қаулысы;
- ✓ «Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарды бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 31.08. 2023 ж. № 748 қаулысы;
- ✓ «Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 25.05.2021 ж. № 235 бұйрығы.

## I. МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТТЫҢ ТӨЛҚҰЖАТЫ

**2024-2025 оқу жылындағы  
SMART мақсаты мен міндеттері:**

### **ЖҰМЫС ТАҚЫРЫБЫ:**

Мұғалімнің пәндік құзыреттілігін шыңдау арқылы оқушылардың шығармашылығы мен дарындылығын дамыту. Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды жоюда инновациялық әдістерді тиімді қолдану және педагогикалық–психологиялық қолдау көрсете отырып, оқу жылының аяғына дейін 100% - дық білім сапасын тұрақтандыру, сондай-ақ адамгершілік және жалпы құндылықтарға ие, жан жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу.

### **МЕКТЕП МЕССИЯСЫ:**

- Сыни ойлауға қабілетті, жауапкершілікті, бастамашыл, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре білген білімді тұлға тәрбиелеу.
- Әр түрлі сандық платформаларды қолдану арқылы оқушылардың ынтасын арттыру.
- Білім сапасын қамтамасыз ету мақсатында оқушылар мен педагогтердің функционалды және сандық сауаттылығын арттыру.

### **МАҚСАТЫ:**

1.Сөйлеу мәнері қалыптасқан, үйлесімді, кез-келген мәселені шеше алатын, өмірге икемді, сондай-ақ адамгершілік және жалпы құндылықтарға ие, жан жақты дамыған тұлға қалыптастыру.

2.Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігін ғылыми-әдістемелік тұрғыда талдау, бақылау, бағалау, көмек көрсету, әдістемелік бірлестіктердегі ғылыми әдістемелік жұмыстардың жандануына педагогикалық ықпал жасау.

3.Білім алушылардың функционалды сауаттылығын арттыру үшін оқытудың жаңа заманауи әдіс-тәсілдерін қолдану және білім алушылардың танымдық және жасампаздық қабілеттерінің дамуына жағдай жасау.

4.Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі негізінде білім берудің заманауи сапасын арттыру.

5.Білім беру үдерісіне мектеп әлеуеті өкілдерін жұмылдыра отырып, бақылау мен зерттеу жұмыстарының жаңашыл, заманауи түрлерін енгізу.

6.Оқу-тәрбие үдерісін жаңа технологиялармен байыту арқылы жаһандық бәсекеге қабілетті, білімді, зияткер тұлға қалыптастыру.

7.Оқушылардың логикалық шығармашылық әлеуетін, танымдық, зерттеушілік интеллектілерін қалыптастыру.

## II. 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ТАЛДАУ

### 1. Е. ӘУЕЛБЕКОВ АТЫНДАҒЫ №4 ОБЛЫСТЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫНЫҢ 2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ

2023-2024 оқу жылында мектеп-лицей-интернаты «Мұғалімнің пәндік құзыреттілігін шыңдау арқылы оқушылардың шығармашылығы мен дарындылығын дамыту» тақырыбында жұмыс жоспарын дайындап, арнайы мектепшілік модель құрастырып жұмыс жүргізді.

**Негізгі миссиясы:** сыни ойлауға қабілетті, жауапкершілікті, бастамашыл, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіре білген білімді тұлға тәрбиелеу;

2023-2024 оқу жылының басында қозғалыс есебі бойынша 243 оқушы болды. **Сынып жинағы – 11 сынып.** Оқу жылын соңында **239 оқушы** аяқтады. 7-сынып – 2 (50 оқушы), 8-сынып – 2 (48 оқушы), 9-сынып – 2 (48 оқушы), 10-сынып – 3 (63 оқушы), 11-сынып – 2 (34 оқушы), барлығы 11 сыныпқа топтастырылған.

2023-2024 оқу жылының білім сапасы төмендегідей көрсеткіштер көрсетті:

**7-сыныптар:** оқушы саны – 49, оның ішінде үздіктер – 14, екпінді оқушылар – 34, үлгерімі орта оқушы-1, білім сапасы – 98%, оқу үлгерімі 100%;

**8-сыныптар:** оқушы саны – 47, оның ішінде үздіктер – 20, екпінді оқушылар – 27, білім сапасы – 100%, оқу үлгерімі 100%;

**9-сыныптар:** оқушы саны – 48, оның ішінде үздіктер – 21, екпінді оқушылар – 27, білім сапасы – 100%, оқу үлгерімі 100%;

**10-сыныптар:** оқушы саны – 61, оның ішінде үздіктер – 30, екпінді оқушылар – 31, білім сапасы – 100%, оқу үлгерімі 100%;

**11-сыныптар:** оқушы саны – 34, оның ішінде үздіктер – 20, екпінді оқушылар – 14, білім сапасы – 100%, оқу үлгерімі 100%;

2023-2024 оқу жылында білім сапасы мектеп-интернат бойынша білім сапасы 98 %, оқу үлгерімі – 100% құрады.

2023-2024 оқу жылында «Алтын белгі» иегерлері – 5, жалпы орта білім туралы «Үздік аттестат» – 14, негізгі орта білім туралы «Үздік аттестат» – 14 оқушы.

**ҰБТ нәтижесі – 105,7 балл** болды. Мектеп бітіруші 34 оқушының 32-і мемлекеттік грант иегерлері атанды (94 пайыз).

Мектеп –лицей- интернат оқу жоспарындағы вариативті компонент бөлігінен элективті курстар, факультатив сабақтар, оқушының шығармашылық және зерттеушілік әлеуетін көтеру мақсатында 197 сағат бөлініп, мұғалімдер дайындаған үлгілік оқу бағдарламалар негізінде жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде мектеп-лицей-интернат тәрбиеленушілерінің өмірлік құндылықтары қалыптасып, өмірге бейімделуі және іздену-зерттеушілік қызметі артты, шығармашылық белсенділіктері қалыптасты.



Оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмыстары негізгі үш бағыт бойынша *ақпараттық бағыт, консультациялық –диагностикалық бағыт, дамытушылық бағытта* жоспарланып жүргізілді. Мектеп-лицей–интернат психологымен бірлесе отырып, оқушылардың бейімділігін, қызығушылығын диагностикалау картасы жасалды.

2023-2024 оқу жылы бойынша түрлі форматтағы байқауларға 291 оқушы қатысып, оның 105-і жеңімпаз атанды. Сыныптар бойынша:

7-сынып бойынша 50 оқушының 37-сі түрлі сайыстарға қатысып, оның 26 оқушы жүлдегер атанса, 8-сынып бойынша 48 оқушының 38-і түрлі сайыстарға қатысып, олардың 20-ы жеңімпаз атанған. 9-сынып бойынша 66 оқушы, олар 78 сайыс түріне қатысып, 33 оқушы жеңімпаз атанса, 10-сыныптағы 34 оқушының 72-сі түрлі байқауларға қатысып, 38 оқушы жеңімпаз атанды. 11-сынып бойынша 48 оқушының 63 оқушысы қатысып, 26-сы жеңімпаз атанды.

7-сынып оқушыларына арналған зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобаларының «Зерде» республикалық конкурсының облыстық кезеңіне 13 оқушы қатысты. Нәтижесінде 7 оқушы 3-орын, 5 оқушы алғыс хат иеленді. 7-8 сыныптарға арналған жасөспірімдер олимпиадасына 21 оқушы қатысып, 3 оқушы күміс, 6 оқушы қола, 5 оқушы алғыс хат иеленді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңіне мектебімізден 46 оқушы қатысты, нәтижесінде 5 оқушы күміс, 9 оқушы қола, 7 оқушы алғыс хат иеленді. Республикалық кезеңге 2 оқушы өтіп, нәтижесінде қазақ тілі пәнінен 1 оқушы алтын медаль иеленді.

Жаратылыстану-математикалық циклы пәндері бойынша XVI-шы президенттік олимпиаданың облыстық кезеңіне 15 оқушы қатысып, 4 оқушымыз 2-орын, 5-оқушымыз 3 орын алды.

Республикалық Қазақстан білім олимпиадасына 12 оқушы қатысты. Нәтижесінде 3 оқушы қола медаль иеленді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобаның облыстық кезеңіне 18 оқушы қатысып, 2-оқушы күміс, 5 оқушы қола, 4 оқушы алғыс хат иеленді.

Болашаққа бағдар: «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» аясында өткізілетін іс-шараларға мектебімізден облыстық кезеңге 54 оқушы қатысып, 7 оқушы 1 орын, 3 оқушы 2 орын, 2 оқушы 3 орын, 11 оқушы алғыс хат алды.

Шығармалар байқауы (дебат, мүшайра, оқулар, өнер байқауы, шешендік өнер және шығарма (эссе) байқауларына) 45 оқушы қатысып, 3 оқушы 1 орын, 6 оқушы 2 орын, 9 оқушы 3 орын, 5 оқушы алғыс хат иеленді.

Жобалар байқауы (әскери-спорттық ойындар, постер қорғау, интеллектуалды байқаулар, сурет байқаулары, робототехникалық өнертапқыштар байқауына) 24 оқушы қатысып, облыстық кезеңнен 5 оқушы 1 орын, 5 оқушы 2 орын, 5 оқушы 3 орын, 4 оқушы алғыс хат иеленді.

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиадаға 2 оқушы қатысып, нәтижесінде Науан Жасмин «Алтын медальға» ие болды. Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар байқауына 4 жобамен 5 оқушы қатысып, нәтижесінде Шералиева Саяжан «Күміс медаль», Қашақбаев Дамир мен Қыдырова Қарақат Грамотамен марапатталды.

Республикалық балалар арасындағы өнер байқауының «Вокал» номинациясы бойынша Нұржаусынқызы Кәусар мен Қашақбаев Дамир Бас жүлде иегенді.

«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» республикалық шығармашылық байқауының жүлдегері Журабек Заңғар түрлі инновациялық жобалар бойынша «Робототехника» үйірмесінің нәтижесін көрсетуде.

Республикалық «Ақберен» өнер байқауының финалисті, облыстық дебат ұйымының үздік дебатерлері Кемелбек Аянат, Тәуекел Ақерке «Жаңа күн-жаңа Қазақстан» тақырыбындағы пікірсайыс турнирінің облыстық кезеңінде Порын иеленді.

Мектеп тарихында алғаш рет өзге ұлт өкілдеріне арналған шығармашылық байқауға қатысқан ұйғыр ұлтының өкілі 8-сынып оқушысы Сейтахунов Ильяр біз үшін жеңімпаз.

«Шабьт қанатында» IV Республикалық шығармашылық конкурсының «Бас жүлде» иегерлері:

1. Кенжебай Санжар
2. Әбділда Дарын
3. Бүркітбай Әбілмансұр
4. Айтбай Дидар

«Жас Ұлан» әскери-спорттық жарысының облыстық кезеңіне қатысқан оқушыларымыз I орын иеленіп, Тараз қаласында өтетін республикалық кезеңге жолдама алды.

Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы, «Білім-Инновация» халықаралық қоғамдық қорының ұйымдастыруымен мамандандырылған және дарынды балаларға арналған мектептердің 10-11 сынып оқушылары арасында Республикалық деңгейде жаратылыстану-математикалық бағыттағы пәндер Қазақстан Білім Олимпиадасы (КВО) өткізілді. Нәтижесінде, биология пәні бойынша 2 қола, физика пәні бойынша 1 Қола медаль иеленді.

Оқу жылының соңында өткізілген Жұлдызды шеруге 120 оқушы қатысып, мектеп-лицей-интернат директорының арнайы алғысымен марапатталды.

## **Мектеп-лицей интернаттағы тәрбие жұмысын ұйымдастыруда төмендегідей тәрбие басымдықтары негізге алынды:**

**Тәрбие бағытындағы 2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» жоспары ҚР Оқу-ағарту министірлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі № 294 бұйрығына сәйкес жасалған.**

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»** – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

### **Күтілетін нәтиже:**

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Жоспардағы іс-шаралар әр айдың ерекшелігіне сәйкестендіріп бөлінген.

- ❖ Қыркүйек-Білім айы
- ❖ Қазан-Алаш азаматтарын ұлықтау айы
- ❖ Қараша-Поэзия айы
- ❖ Желтоқсан-Қазақстан ұлы дала елі
- ❖ Қаңтар- Ұлттық код айы
- ❖ Ақпан-Оқуға құштарлық айы
- ❖ Наурыз-Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу айы
- ❖ Сәуір-Экологиялық мәдениет айы
- ❖ Мамыр-Бейбітшілік пен татулық айы

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша **«Білім» айының** жоспарына сәйкес 1 қыркүйек күні 7-11-сыныптар аралығында «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Мақсаты: Білім алушылармен бірге білімге ұмтылу, отаншылдық, еңбексүйгіштік құндылықтарының адам өміріндегі рөлін талқылау.

Діни экстремизмнің алдын алу жоспары бойынша әр тоқсанда тәрбиешілердің жылдық жоспарына сәйкес I тоқсан бойынша түрлі формада тәрбие сағаттары жүргізілген. Зерделеу барысында жылдық жоспарды жасауда басшылыққа алған нормативтік құжаттар бойынша зерделенді.

Наркобекетке қарсы жұмыстарын ұйымдастыруға топ мүшелері сайланған. Наркологиялық бекеттердің жылдық жұмыс жоспары бекітілген. Жоспарға сәйкес жұмыстар ұйымдастырылған.

«Тіл ғұмыры» тақырыбында 10-11-сыныптар арасында дөңгелек үстел ұйымдастырылған. Мектепшілік онкүндік шара Қазақстан халқының тілдері күніне арналған акциялар, түрлі іс-шаралар, ашық сабақтар өткізілген.

«Жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу болдырмау мақсатында бірлескен жұмыстар жоспары жасалып, жұмыстар атқарылған. «Медиация» қайта құру жұмыстары жүргізілді.

«Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында 7 «а» - сынып тәрбиешісі М.Серікбай танымдық сабақ ұйымдастырды.

«Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы бойынша «Сергіту сәті» Отбасы күніне арналған жарнамалық акциялар, түрлі іс-шаралар челлендж өткізілді.

«Жасай бер, жайна, Қызылордам!» Қызылорда қаласына 205 жыл іс-шара жоспары жасалып, жоспар бойынша жұмыстарды ұйымдастырылды. 7 «ә» - сынып тәрбиешісі Б.Абдикасова «Менің Қызылордам!» тақырыбында сурет байқауын ұйымдастырды.

8 «ә»-сынып тәрбиешісі А.Серікбай «Мен және менің қалам» тақырыбында фото коллаж жасады. 9 «а» - сынып тәрбиешісі А.Қожахметова «Қастерлі мекен қасиеті» тақырыбында қаламыздың көрікті жерлерлеріне оқушылармен саяхат жасады. 10 «ә» - сынып тәрбиешісі Н.Бекзулда «Бойында дарияның, керіле аққан» тақырыбында тәрбие сағатын ұйымдастырды. Химия биология бірлестігінің ұйымдастыруымен «Алтын күз - 2023» тақырыбында 7-9-сыныптар арасында сайыс өткізілді.

«Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубының мүшелері сайланып, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға байланысты тәрбиешілердің жоспарлары бойынша саяси сабақтар тоқсан сайын өткізіліп отырады.

8 «а» - сынып тәрбиешісі Г.Омарова Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жылдығына орай оқушыларға сынып сағатын ұйымдастырды.

«Отбасылық дәстүрлер» «Әкелер кеңесі», «Аналар мектебі», «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі» мүшелері сайланып, жоспары бекітіліп, анықтамалықтар жазылды.

«Жемқорлық адамның жауы» тақырыбында 7-11-сыныптар арасында видеоролик байқауы өткізілді.

«Балалар және театр» жобасы мүшелерінің I отырысы өткізіліп, хаттамаланды.

Мектеп парламентінің оқушылар президенті мен парламент фракция жетекшілерінің сайлауы өткізіліп, хаттамаланды. Мектеп парламентінің оқушылар президенті мен парламент фракция жетекшілерінің сайлау қортындысы бойынша басымдылықпен жоғары дауыс жинап, 9 «ә» - сынып оқушысы – Кемелбек Аянат оқушылар президенті болып сайланды.

Дебат клубы мүшелерінің ұйымдастыруымен «Табиғат-адам-қоғам» тақырыбында 8-9-сынып оқушылары арасында дебат өткізілді.

«Қожа Ахмет Ясауидің хәл хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл толуына орай 11-сыныптар арасында сынып сағаты жүргізілді.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Кітапқа жазылмаған тарих» атты Ерлік сабақтары ұйымдастырылды.

Салауатты өмір салтын насихаттау және нашакорлық пен есірткі бизнесіне қарсы күрес аясында «Ертеңді ойласаң есірткіге жолама» спорт ойындары өткізілді.

7 «ә»-сынып тәрбиешісі Б.Абдикасова «Атадан тал қалғанша мал қалсын» суреттер байқауын ұйымдастырды. 11-сынып тәрбиешілері Б.Молдахожаева, А.Жиенбаева «Аталар сөзі – тәрбие көзі» тақырыбында кездесу ұйымдастырды. 10 «а»-сынып тәрбиешісі А.Әбдіқадыр «Әке - асқар тау, ана – қайнар бұлақ» тақырыбында эссе байқауын өткізді. 9 – сынып тәрбиешілері Г.Байарыстанова, А.Қожахметова «Әкешім бәйтерегім!» тақырыбында видеороликтер сайысын ұйымдастырды.

### **ҚАЗАН- «АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ» АЙЫ**

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша «Алаш азаматтарын ұлықтау» айының жоспарына сәйкес «Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Бір отбасы – бір кітап» тақырыбында кітапханалық сабақ ұйымдастырылды.

«Даналық мектебі» жоспары бекітіліп, жұмыстар жүргізілді.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Ұлы дала перзентімін» ұстаздар күніне орай өзін өзі басқару күніне орай «Ұстаз – ұлы есім»құттықтау, «Ұстаздық еткен жалықпас» тақырыбында тәрбие сағаты, «Ұстазым, менің Ұстазым!» тақырыбында құттықтау, «Менің сүйікті ұстазым»тақырыбында сұхбат, «Тағылымды ұстаз» тақырыбында құттықтау жүргізілді.

«Қылмыс пен құқық бұзушылық құрамы ұғымы мен мәні» тақырыбында 7-11-сынып оқушылар арасында ПБ-ның қызметкерлерімен кездесу кеші өткізіліп хаттамаланды.

Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жылдығына орай өмір жолымен таныстыру мақсатында 7 «ә»-сынып тәрбиешісі Б.Абдикасова сынып сағатын ұйымдастырды.

«Әлемді зорлық-зомбылықсыз қалай жасауға болады?» тақырыбында эссе байқауы өткізілді.

8 «ә»-сынып тәрбиешісі А.Серікбай Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр – Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жылдығына орай танымдық сабақ өтті.

11 қазан халықаралық «Қыздар күніне» орай жоспар жасап, бекітіліп, «Қыз қылығымен сүйкімді» қыздар клубының отырысы өткізілді.

Дебат клуб мүшелерінің ұйымдастыруымен «Оқушы келбеті қандай болу керек?» тақырыбында сабақ жүргізілді.

10 «а»-сынып тәрбиешісі Әбдіқадыр Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жылдығына орай тәрбие сағатын ұйымдастырды.

Педагог-психолог Ж.Қожахмет «Тұлғаның ақпараттық – психологиялық қауіпсіздігі» тақырыбында психологиялық сағат өткізді.

10 «ә»-сынып тәрбиешісі Н.Бекзулда Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жылдығына орай тәрбие сағатын өткізді.

«Денсаулықтың 6 шарты – таза ауа, дұрыс тамақтану, қозғалыс, тыныш ұйқы, көтеріңкі көңіл- күй, күйзеліске түспеу» тақырыбында 7-11-сыныптар арасында сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылды.

«Қауіпсіз мектеп» акциясы, «Қауіпсіз терезе», «Мен және менің инспекторым», «Әлеуметтік желідегі қауіпсіз әлем», «Буллинг және оның алдын алу», «Буллинг – оқушы, қамқор ата-ана», «Өрт қауіпсіздігі», «Буллинг құрбаны - жасөспірімдер», «Суицид - қоғамдағы ірі проблемалардың бірі...» тақырыптарында тәрбие сағаттары жүргізілді.

7-сынып ата-аналарына «Жүрек жылуы» тақырыбында педагог-психолог Ж.Қожахмет тренинг жүргізді.

10 «б»-сынып тәрбиешісі Ж.Бодықова Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жылдығына орай сынып сағатын ұйымдастырды.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында «Жақұты барға жасын түспейді» тақырыбында 10-11-сыныптар арасында куратор сағаты өткізілді.

«Кідіріс жасап, айналаңа қара. Өткенді сараптап, келер күнді бағамда» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізілді.

8 «ә» - сынып тәрбиешісі Г.Омарова «Әкем айтқан нақыл сөз...» тақырыбында сынып сағатын өткізді.

11-сынып тәрбиешілері А.Жиенбаева, Б.Молдахожаева «Менің бизнес идеяларым» тақырыбында сынып сағатын ұйымдастырды.

Мектеп театр мүшелері Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны Торайғыровтың туғанына 130 жылдығына орай сахналық қойылым сағатын жүргізді.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» аясында Республика күніне орай 7-11-сыныптар арасында «Әнұран орындау» челленджін ұйымдастырды.

9 «ә»-сынып тәрбиешісі Г.Байарыстанова Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жылдығына орай сынып сағатын өткізді.

«Ата-анаммен өткізген бір күнім» жобасы аясында 7-10-сыныптар арасында сынып сағаттары ұйымдастырылды.

8 «ә» - сынып тәрбиешісі Г.Омарова «Өнегелі өмір» тақырыбында сынып сағатын өткізді. «Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихаттау мақсатында сынып сағаттары ұйымдастырылды.

Күзгі демалыс күндерінің жоспарлы жұмыстары бекітіліп, жоспар бойынша жұмыстар атқарылды.

## **ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫНЫ**

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша «Поэзия» айының жоспарына сәйкес «2023-2024 оқу жылындағы оқытудың ерекшеліктері» атты бірыңғай I тоқсандық ата-аналар жиналысын өткізілді.

7-10 – сыныптар аралығында «Теңге – ұлттық құндылығымыз» тақырыбында дебат мүшелері отырса ұйымдастырылды.

«Есірткі және құқық бұзушылық!» тақырыбында 7-11 сыныптар аралығында ақпараттық сағаттар өткізілді.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Әкеге-ізет, анаға– құрмет», «Ұлы дала перзентімін» тақырыбында 7-9-сыныптар аралығында, «Балалар кітапханасы» жобасы аясында 10-11-сыныптар аралығында «Жақұты барға жасын түспейді» тақырыбында сынып сағаттары жүргізілді.

7-9-сыныптар аралығында «Жол тәртібін бұзбайық!» тақырыбында пікірталас өткізілді.

7-11-сыныптар арасында Интернет желісінде балалар порнографиясы, зорлық зомбылық қатыгездік, суицид, лудомания құқық, қайшы контенттің таралуын болдырмау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Домбыра үйірмесіне қатысушылар арасында «Dombra party» тақырыбында этномузыкалық кеші ұйымдастырылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған «Адал ұрпақ» клубтары арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

19 қараша «Темекі шегуге қарсы» күні 7-9-сыныптар арасында «Біз салауатты өмір салтын қолдаймыз!» тақырыбында флешмоб ұйымдастырылды.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Оян, ар мен адалдық» тақырыбында 7-11- сыныптар аралығында сынып сағаты өткізілді.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» аясында «Асық ойыны» ұлттық жарысын ұйымдастырды.

20 қараша – Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай іс-шара «Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» Лудомания, булинг, кибербулинг туралы 7-11-сыныптар аралығында сынып жиналысы өткізілді.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 7-сыныптар арасында «Өнегелі өмір», «Бабалар салған ізімен...», 8-11-сыныптар арасында «Өлемді бағындырған жерлесіміз» тақырыбында тәрбие сағаттары жүргізілді.

## **ЖЕЛТОҚСАН- «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ» АЙЫ**

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша «Қазақстан - ұлы дала елі» айының жоспарына сәйкес «Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы аясында Тәуелсіздіктің 32 жылдығына орай «Тәуелсіздік ел бақыты!» онкүндікте 7-сыныптар арасында «Көк тудың желбірегені», 8-11-сыныптар арасында «Ұлттық рух – тәуелсіздік тірегі», «Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» тақырыбында патриоттық тәрбие сағаты өткізілді.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында 8-11 сыныптар арасында «Болашаққа хат» тақырыбында шығарма жазды.

«Ер бала тәрбиесі - ертеңгі сәтті отбасының кепілі» тақырыбында әкелермен бір үзік сыр кездесу өткізілді.

27 желтоқсан күні 7-11-сыныптар арасында «Жасыл шырша жанында» тақырыбында жаңа жылдық кеш ұйымдастырылды.

Қысқы демалыс күндерінің жоспарлы жұмыстары бекітіліп, жоспар бойынша жұмыстар нақтыланды.

## **ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» АЙЫ**

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша «Ұлттық код» айының жоспарына сәйкес қысқы демалыс күндерінің жоспарлы жұмыстары бекітіліп, жоспар бойынша жұмыстар атқарылды. «Дені саудың рухы сау» тақырыбында ұстаздар арасында эстафеталық сайыс ұйымдастырылды.

«Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы аясында II тоқсанның қорытындысы бойынша ата-аналар жиналысы «Ұлттық құндылықтарды қалыптастыруда ата-ананың рөлі» тақырыбында өткізілді.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» тақырыбында 7-сыныптар арасында сыныптан тыс жұмыстар өткізілді.

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында 8-11-сыныптар арасында «Қыз намысы – ұлт намысы» тақырыбында кездесу сабақтары жүргізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында 7-сыныптар арасында «Парасаттылық туралы», «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында 8-11-сыныптар арасында «Туған өлке ақындарының шығармалары» туралы сынып сағаттары жүргізілді.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 7-11-сыныптар арасында «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» тақырыбында ғылыми жобалар ұйымдастырылды.

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында 8-11-сыныптар арасында «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» тақырыбында өнеге сағаттары жүргізілді.

«Ұлы тарих кемел келешекке жетелейді» Төле бидің туғанына 360 жыл толуына орай апталық «Сұлтан Бейбарыс – Ұлы дала елінің барысы», Мұрат Әуезовтің туғанына 80 жыл толуына орай «Ұлының ұлы болуы үлкен жауапкершілік» тақырыптарында 7-11-сыныптар аралығында сынып сағаты жүргізілді.

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, қорлаудың, қудалаудың, балалар ортасында мектептегі атыстардың алдын алу туралы түсінік қалыптастыру мақсатында 7-10-сыныптар арасында іскерлік ойындар, дебаттар жүргізілді.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Қазақ есебі» тақырыбында 7-сыныптар арасында интеллектуалды сайыс өткізілді.

«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында «Профи TIME» мамандықтар әлемінде тақырыбында 10-11-сыныптар арасында мамандармен кездесу жүргізілді.



«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Отбасылық таланттар» тақырыбында 7-9-сынып ата-аналар арасында отбасылық байқау ұйымдастырылды.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында «Біз жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында коррупцияға қарсы шара өткізілді.

### **АҚПАН – «ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ» АЙЫ**

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша «Оқуға құштарлық» айының жоспарына сәйкес жоспарлы жұмыстар атқарылды.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында 7-11-сыныптар аралығында «Қазақ даласының ұлы тұлғалары» тақырыбында сыныптан тыс іс-шаралар жүргізілді.

7-11- сыныптар арасында «Поэзияның асқар шыңы Мұқағали» тақырыбында сынып ұйымдастырылды.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында 7 - сыныптар арасында «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы», 8-11 сыныптар арасында Ғаламтор ұлттық жобасы аясында «Қауіпсіз интернет», «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында «Ауғанның асуында от кешкендер» тақырыптарында сынып сағаттары өткізілді.

«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында «Мен және менің полицейім», «Сен өз құқығыңды білесің бе?», «Сен және Заң» тақырыптарында сынып сағаты ұйымдастырылды.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 7-11-сыныптар аралығында «Мектептегі мінез- құлық ережелері» тақырыбында дебат ұйымдастырылды.

7-11 сыныптар арасында Кибербуллинг, балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету тақырыптарында ашық ақпараттық сабақтар жүргізілді.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында 7-11 сыныптар арасында Абайдың «Толық адам» ілімі тақырыбында мектеп театры сахналық қойылым қойды.

7-11 сыныптар арасында «Тұмаудан сақтанайық» вирустық жұқпалы аурулардың алдын алу, «Зиянды әдеттерден аулақ бол» тақырыптарында сынып сағаты өткізілді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Сүйікті кітабым» тақырыбында 7-11- сыныптар арасында көрмесін ұйымдастырдан челлендж жолдады.

«Тоғыз айға 9 іс-шара» жобасы аясында «Тұлпар мініп ту алған» тақырыбында 7-11-сыныптар арасында батырлар жырынан оқу эстафетасын жүргізді.

### **НАУРЫЗ – «ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕУ» АЙЫ**

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша «Ұлттық салт-дәстүрді дәріптеу» айының жоспарына сәйкес жоспарлы жұмыстар атқарылды.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында 1 наурыз – Алғыс айту күні 7-11- сыныптар арасында «Алғыс айту парызым» тақырыбында сынып сағаты жүргізілді.

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында 7-11 сыныптар арасында «Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» тақырыбында сынып сағаты ұйымдастырылды.

«Еңбегі ерен жас өрен» жобасы аясында 7-11-сыныптар арасында «Үміт сәулесі» акциясы өткізілді.

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында 7-11 сыныптар аралығында «Ұмыт болған ұлттық тағамдар» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Теріс субмәдениеттердің таралуына жол бермеу және әлеуметтік желілерде, соның ішінде TikTok және Discord-та деструктивті және жағымсыз мазмұнды құруға жол бермеу үшін 8-10-сыныптар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында 7-сыныптар арасында «Ұлттық киім – ұрпаққа мұра» тақырыбында сән үлгілерін көрсету ұйымдастырылды.

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында 7-11 сыныптар арасында «Домбыра Party» тақырыбында сыныптан тыс іс-шара өткізілді.

«Қош келдің Әз Наурыз» онкүндікте «Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы аясында 7-сыныптар арасында «Сәлем сөздің патшасы», «Атадан-өсиет, анадан-қасиет» (тыйым сөздердің мағынасы) 8-11- сыныптар «Ізгіліктің бір ізі - алғыс айту» тақырыптарында сынып сағаттары жүргізілді.

Дүниежүзілік театр күніне орай 7-10 сыныптар арасында «Театрға саяхат» жасалды. Көктемгі демалыс күндеріне орай жоспар жасалып, бекітілді.

## **СӘУІР – «ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ» АЙЫ**

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» бойынша «Экологиялық мәдениет» айының жоспарына сәйкес жоспарлы жұмыстар атқарылды.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында 7-11- сыныптар арасында «Құстар біздің досымыз», «Достық –көмекпен мықты», «Табиғат тамашалары» сынып сағаты өткізілді.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 9-11-сыныптар аралығында «Ұлы Дала мұрагерлері» тақырыбында сахналық қойылым өткізілді.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 7-11 сыныптар арасында «Сөз қадірі – өз қадірің» тақырыбында дебат жүргізілді.

Ғылым күні 7-10-сыныптар арасында «Ғылым – ғажайып әлем» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында 7-11- сыныптар арасында «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім!» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

